

**«6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Шүршітбай Майранын
«Қазақ дүниетанымындағы ізгіліктік-этикалық тәрбие идеалының қалыптасуы мен дамуы (философиялық талдау)»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ШКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Еліміздегі ғылымның даму бағыттарының басымдылықтарының ішінен - 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен - 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6. Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді. 6D020100 – Философия мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландыратын ресми докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Қазақстан қазіргі уақытта саясат, мемлекеттік құрылым, экономика, мәдениет және бірінші кезекте білім беру саласындағы өзгерістермен сипатталатын өз дамуының бетбұрыс кезеңінде тұр. Сондықтан жаңа қазақстандық қоғамның тұрақты дамуы тұрғысынан мемлекеттілікті құру процестерінің тетіктерін объективті және жан-жақты зерттеу маңызды болып табылады, оның құрамдас бөліктерінің бірі жас ұрпақты тәрбиелеу болып табылады. Әлеуметтік институттар шеңберінде және олардың әсерінен тұлғаны саналы, мақсатты және жүйелі түрде қалыптастыру процесі, яғни тәрбие адамды әлеуметтік-мәдени кеңістікке қосуды, оның тарихи және мәдени құндылықтарды, дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды игеруін, басқа адамдардың, өз халқы мен Отанының алдындағы парызын,

			<p>жауапкершілік сезімін қалыптастыруды білдіреді.</p> <p>Қазіргі өмірде құндылықтық бағдарлары жүйесінде, жеке, топтық және қоғамдық өмір кеңістігінде ішкі байланыс, өзара ынтымақтастық аз. Тарихи және күнделікті тәжірибе көрсеткендей, күнделікті өмірдің барлық мәселелерін материалдық-қаржылық негіз арқылы шешуге болмайды. Материалдық игіліктер өмірді байытады, бірақ рухани әлемді бай ете алмайды. Өйткені адамның шынайы байлығы рухани мәдениетпен, халқының тарихымен, ұлттық ерекшеліктерімен байланысты. Диссертациялық зерттеу көрсеткендей, адамның материалдық байлығы мен рухани жағдайы, адамның өмір сүру деңгейі мен әлеуметтік жауапкершілігі оның адами қасиеттеріне тәуелді. Онсыз ол тек тұтынушы болып табылады және өзінің жеке мүддесі мен өзімшілдігі үстемдік ететін кеңістікте өмір сүреді, ал адамның жеке қасиеттерін қалыптастыру үшін тәрбиеге, ұлттық тәрбиеге аса көп көңіл бөлген дұрыс.</p> <p>Сондықтан рецензиялауға ұсынылған диссертациялық ғылыми жұмыстың маңыздылығына сараптамалық оң баға берілді.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Диссертациялық жұмыс автордың өзі жазған, деңгейі жоғары ғылыми жұмыс деп бағаланады. Ізденуші диссертацияда ғылыми нәтижелерді оңды тұжырымдап, ғылыми әдебиеттерге жақсы талдау жасап, дұрыс сілтемелер жасап, мазмұнды еңбек ұсынады. Жазу стилі ғылыми-логикалық, дәлелді, дәйекті сипатта. Яғни, автордың ғылыми нәтижелері жинақтаған тәжірибесінің мол екенін көрсетеді, қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелерді қойып, оған ғылыми, философиялық тұрғыдан жауап іздеп, талдау жасайды. Автордың жазбаша мәдениетінің бар екені көрінеді, ойлары оқырманға түсінікті, ғылыми, философиялық тілді жақсы меңгергендігі айқын.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Диссертациялық жұмыстың тақырыбының өзектілігі өте жақсы, шебер негізделген. Онда ізгіліктік-этикалық тәрбие идеясының не екендігі, оның қазіргі постиндустриалды, цифрлық, виртуалды қоғамдағы ерекшелігі, көп этносты, көп конфессиялы, әр алуан ұлттық мәдениеттерге толы, әр ұлттың ерекше тәрбие идеясы қалыптасқан қазақстандық қоғам үшін маңызы қысқаша болса да, ауқымды көрсетілген. Әсіресе, қазіргі әлемдегі антропологиялық бетпұрыстың себептері айтылып, ал тәрбие идеясының адамның тағдыры, болашағы үшін маңызды жақтары дәйектелген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 	<p>Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымы диссертация тақырыбын толықтай айқындайды. Диссертациялық жұмыс үш тараудан, алты тараудан тұрады. Бірінші тарау ізгіліктік тәрбие идеясының мазмұнын ашуға, философия тарихындағы негізгі ілімдер мен</p>

		<p>3) айқындамайды</p>	<p>концепцияларға талдау жасау арқылы идеал, тәрбие, ізгіліктік тәрбие жан-жақты қарастырылады. Екінші тарау қазақ халқының бай мәдениетінде тәрбие идеясының қалыптасуының алғышарттары көрсетіліп, сипатталады, бұл сала бойынша жазылған негізгі ғылыми еңбектерге талдау жасай отырып, тәрбиенің дүниетанымдық қырлары қазақ халқы мәдениеті ауқымында, философиялық ілімдер мен көзқарастар негізінде жан-жақты терең талданған. Білім беру, діни білім беру мен тәрбиенің арасындағы байланыс қазақ мәдениетінде қандай орынға ие болғандығы, оның оң, теріс жақтары көрсетілген. Соңғы тарау қазіргі замандағы, қазақстандық қоғамдағы негізі мәселелерге арналған. Әсіресе салауатты өмір салты деген не, заманауи күрделі мәселелерге байланысты туындап отырған отбасылық тәрбие, білім берудің ерекшеліктері сияқты өзекті мәселелер тақырып аясында философиялық тұрғыда талданған.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <u>1) сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты қазақ халқының ұлттық мәдениетінде қалыптасқан тәрбиеге байланысты идеалды анықтап, оған философиялық талдау жасаумен байланысты. Мақсат толығымен диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Осы мақсатқа сай көрсетілген міндеттер де тақырыптың мазмұнын ашуға бағытталған, толығымен қамтылған. Жалпы тәрбие идеясының мәнін ашу үшін ізденуші философия тарихындағы негізгі идеалдарды қарастыруды, қазақ философиялық ойындағы тәрбиенің мәні мен мазмұнына белгілі ойшылдардың, ақын-жыраулардың көзқарастарын талдау арқылы баға беруді көздеген. Сонымен қатар маңызды міндеттердің біріне білім беру мен тәрбиенің арасындағы тығыз байланысты негіздеп көрсетуді, салауатты ұрпақ ұғымының мәнін аша отырып талдауды, оның маңыздылығын жатқызған. Осы міндеттер толығымен диссертация тақырыбын ашуға бағытталған.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: <u>1) толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың тараулары, тараушалары бір-бірімен логикалық байланыста, ішкі бірлігі жоғары деңгейде. Барлық бөлімдер өзара тығыз байланыста, жұмыстың құрылымы мен мазмұны тақырыптың ғылыми сипатталуына мүмкіндік береді. Мәтінде келтірілген талдау жұмыстары қойылған мақсатқа толығымен сәйкес келеді. Тәрбиенің адамның мәні, қызметі, табиғатымен толық астасатын мәселе екендігі, білім беру мен тәрбиенің қатар жүруі керектігі толық негізделген. Сондықтан еңбектің ішкі біртұтастығы бар екенін ескере отырып оның жалпы құрылымдық сипатына жоғары деңгейде оң баға береміз.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып</p>	<p>Диссертациялық жұмыста философия тарихындағы тәрбиеге байланысты негізгі ілімдерге салыстырмалы талдау сыни тұрғыдан жасалған. Мысалы, Ежелгі дәуір, Антикалық кезең, Орта ғасырлық, Жаңа дәуірлік</p>

		бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	дүниетанымдардың ерекшеліктерін автор тәрбие берудегі ерекшеліктер негізінде көрсете білген. Августин, Фома Аквинаттың адам тәрбиесіне байланысты христиандық діни көзқарастары, Монтень, Кампанелла, Локк, Декарт сияқты ойшылдардың ілімдеріндегі ізгілік-этикалық тәрбиенің мәніне байланысты көзқарастары сыни тұрғыдан талданады. Ерекше атап өтетін мәселе - қазіргі қазақстандық білім берудің мәселелеріне байланысты, қазіргі құндылықтық бағдарлардың теріс жақтары, қауіп-қатерлер, оларды ескерудің жолдары туралы. Бұл мәселеге байланысты соңғы жылдардағы жарияланған негізгі еңбектерге, философиялық көзқарастарға сыни талдау жасалған. Сондықтан диссертацияда «сыни талдау бар» деп айтуға толығымен негіз бар.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары «толығымен жаңа» болып табылады деп бағалаймыз. Тәрбие процесінің барлық маңызды аспектілерін философиялық тұрғыдан талдап, тәрбие мәселелеріне интегралды, кешенді көзқарас қажет деген идеяның өзі назар аударуға тұрарлық. Диссертацияда тәрбие философиясындағы аса маңызды идеялардың, ілімдердің әрқайсысы тәрбие әдістері мен құралдарын әр түрлі түсінуіне қарамастан, әлеуметтік жүйеге сай және оның құндылықтарын қабылдайтын, жетілген, әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыруды өзінің түпкі мақсатына қоятындығы туралы маңызды тұжырым бар. Бұл тұрғыда диссертант тәрбие беру мен білім беру философиясының әртүрлі «үлгілерін» қарастыра отырып, жалпы адамзаттық гуманистік құндылықтар негізінде адамзат жинақтаған, оның ішінде қазақ халқының тарихи тәжірибесін оқу-тәрбие үрдісінде пайдалануға тырысу маңызды екендігін көрсетеді. Бұл жағдай басқалармен қатар, қазіргі қазақстандық қоғамның нарықтық трансформациясымен, оның ішінде білім беру үдерісінде қарама-қайшы императивтердің пайда болуымен байланысты өркениеттік дамудың қазіргі кезеңіндегі ерекше маңызды факторға айналып отыр.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары «толығымен жаңа» деген ойдамыз. Диссертациялық жұмыста зерттеу нәтижесінде алынған маңызды қорытындыларға жеке тұлғаны тәрбиелеу және оның дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру қазіргі әлемдегі ең маңызды мемлекеттік міндет болып қала беретіндігі, қазіргі қоғамда білім беру үдерісін философиялық негіздеу қажеттілігі туралы идея жатады, сонымен қатар тәрбие идеалын қарастыруда қазақ мәдениетінде, халықтың дүниетанымында қалыптасқан тәрбиеге байланысты көзқарастарға, ілімдерге, білім беруге аса үлкен маңыз беру керектігі негізделеді. Ол

			<p>тұлғаның қалыптасуы мен жетілуі мәселелерін философиялық тұрғыдан талдаудағы негізгі сұрақтарға жауап берумен байланысты. Бұл қажеттілік жеке тұлғаның моральдық таңдауының күрделілігіне байланысты. Кез келген адам күрделі және тез өзгертін әлемде өзінің моральдық таңдауын жасау үшін ұлттық дәстүрлерден негіз алуы керектігі туралы қорытынды бар. Ал ондай таңдауды жасау үшін жастарға ізгіліктік-этикалық тәрбие беру керектігі көрсетіледі.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері тұрғысынан философиялық, жалпы гуманитарлық ғылымдар бойынша жасалған жұмыстарды бағалау қиын, соған қарамастан диссертация мәтінінде келтірілген барлық тұжырымдардың практикалық маңызы бар деуге болады, алынған нәтижелердің барлығы жеткілікті дәрежеде негізделген. Жұмыстың барлық ғылыми нәтижелері жоғары дәрежеде, сондықтар оларды «толығымен жаңа» деп бағалауға негіз бар.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны тақырыпқа сәйкес келеді, олардың арасында алшақтық жоқ. Зерттеудің ғылыми қорытындылары мен нәтижелері ауқымды дәлелдемелермен негізделген. Қорытындылардың дәйектілігі жоғары. Диссертациялық жұмыста қазіргі заманғы тәрбие тұрақты дамуға, өзара түсіністікке және айырмашылықтарды құрметтеуге байланысты құндылықтарды қалыптастыру міндетін қоятындығы туралы қорытынды жасалады. Тәрбиенің маңызды міндеттеріне азаматтық жауапкершілікті, толеранттылықты және этикалық мінез-құлықты дамыту болып табылатындығы жатқызылған. Қазіргі жаһандану әлемінде дәстүрлер мен мәдени құндылықтарды сақтау және құрметтеу тәрбиенің өзекті міндеті делінген. Жаңа ұрпақты ғылымның, технологияның және экономиканың дамуымен байланысын ескере отырып, мәдени-тарихи мұраны бағалауға және сақтауға үйрету маңызды екендігі көрсетілген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? <u>1) дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; <u>2) жоқ</u> 7.3 Жаңа ма?</p>	<p>7.1 Диссертациялық жұмыстың қағидаттары дәлелденген және ғылыми тұрғыда дәйектелген. Диссертант жалпы ғылыми әдіснаманы, философиялық әдіснаманы орынды қолданған. Әрбір қағидат «дәлелденді» деген қорытынды жасауға болады. 7.2 Жұмыс қағидаттары тривиалды, яғни үстірт түрде емес, яғни, “жоқ” деп жауап береміз. Ізденушінің әрбір ғылыми нәтижесі қомақты, теориялық тұрғыдан зерделеуден өткізілген. 7.3 Негізгі қағидаттардың барлығына «жаңа» деген баға берілді. Диссертациялық жұмыста 6 жаңа нәтиже ұсынылады. Бірінші қағидат тәрбие идеалын зерттеудің теориялық және методологиялық қырларын зерттеудің нәтижесінде ізгілікті тәрбиенің рухани құндылықтық ролін</p>

		<p>1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>мәдени тәжірибемен байланысты қарастырумен байланысты. Диссертацияда тұлға әлеуметтік тәрбиенің жеке субъектісі ретінде қарастырылған.</p> <p>Екінші қағидат тәрбие идеалының философия тарихындағы ерекшеліктері салыстырмалы талдаудан өткізілуімен негізделген, жаңалық дәрежесі жоғары қағидат, өйткені адамзат тарихындағы тәрбие идеалдарын көрсете отырып, қазақ мәдениетіндегі идеалдың ерекшелігі айшықталған. Үшінші қағидат қазақ философиясындағы тәрбие ұғымына, ізгіліктік тәрбие, тәрбие идеалы талдаумен байланысты. Жаңалығы қазақ данышпан ойшылдары мен зиялыларының көзқарастарындағы ізгіліктік тәрбие идеалына аксиологиялық талдау жасаудан көрінеді.</p> <p>Төртінші қағидат – қазақтың дәстүрлі қоғамындағы діни тәрбиенің рөлі зерделенді. Қазақ ойшылдарының діни-философиялық көзқарастарындағы адам болмысы мен сенімнің бірлігі туралы идеяның негізінде діни сананың тәрбиеге әсері негізделген.</p> <p>Бесінші қағидат – қазақ дүниетанымындағы тәрбие мен білімнің байланысы, ажырамас бірлігі ойшылдардың шығармашылығы арқылы негізделген. Ағартушылардың негізгі идеясы білімнің қоғамның қозғаушы күші ретінде қарастырылуы екендігі негізінде қазіргі қоғамдағы білімнің берудің ерекшеліктері тәрбие беру тұрғысынан қарастырылған.</p> <p>Алтыншы қағидат қазіргі қазақстандық қоғамда салауатты ұрпақ тәрбиелеудің философиялық қырларын талдаумен байланысты. Онда көпмәдениетті, көпконфессиялы қоғамдағы ұлттардың ұрпақ тәрбиелеудегі идеалы руханилықпен, планетарлық сананы дамытумен, мәдени құндылықтарды, этникалық, жалпыұлттық және әлемдік мәдениетті игерумен байланысты екендігі негізделеді.</p> <p>7.4 Қағидаттардың қазіргі ғылым мен білімнің дамуында, әлеуметтік ортада қолдану бойынша «кең» деген баға берілді. Өйткені диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелерін философияда ғана емес, педагогикада, дінтануда, жалпы мәдениет саласында пайдалануға болады. Сонымен қатар, білім беруге байланысты мемлекеттік органдардың қызметі ауқымында кеңінен пайдалануға болады.</p> <p>7.5 Диссертацияның негізгі қағидаттары отандық және кейбір шетелдік жарияланымдар деңгейінде жеткілікті дәлелденген, талапқа сай сынақтан өткен деген пікірдемін. Мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрген. «Скопус» тізіміндегі процентілі жоғары журналда автордың мақаласы жарияланған. Бұл мағынада жарияланымдарға қатысты талаптарға сай жұмыстар талаптарға жауап береді. Сондықтан</p>
--	--	--	---

			бұл пунктке «Иә» деген баға берілді.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған <u>1) ия;</u> 2) жоқ	Философиялық, жалпы ғылыми тәсілдер тақырыпты зерделеу барысында кеңінен қолданылған. Әсіресе, тарихи нақтылық принципі, салыстырмалы талдау, жүйелі талдау, аксиологиялық талдау, герменевтикалық талдау және т.б. әдістер жақсы пайдаланылған. Сондықтан әдіснамасына қатысты талапқа «Иә» деген баға беріледі.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: <u>1) ия;</u> 2) жоқ	Автор заманауи ғылыми әдістер мен деректерді тарихи-философиялық зерттеулер барысында жақсы қолданғаны байқалды. Автор компьютерлік тәсілдерді жақсы игеру арқылы зерттеу нәтижелеріне қажетті мәліметтерді ұтымды түсіндірмелеу мен қорытындылауды жетістіктерге жеткен. Ғылыми нәтижелерді негізінен жақсы дәйектейді. Кейбір авторлардың нақты дәйексөздерін сыни талдаулардан өткізеді. Яғни ғылыми зерттеуде заманауи әдістер қолдану бойынша сұраққа «иә» деп жауап беруге болады.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): <u>1) ия;</u> 2) жоқ	Диссертация жұмысының ғылыми тұжырымдамалары классикалық философия тарихымен, қазақ халқының рухани тарихының жалпы эволюциясымен байланысты. Автор өзінің теориялық ойларын барынша практикаға жақындатуға тырысады. Мысалы, қазақ халқының дүниетанымындағы тәрбие идеалының қазіргі қоғамның тіршілігіндегі рөлі, білім беруде оны пайдаланудың жолдары салауатты ұрпақ тәрбиелеудегі негізгі жолдары көрсетілген. Бұл сұраққа «иә» деген баға берілді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Зерттеу жұмысында тәрбие идеалына байланысты әдебиеттер кеңінен пайдаланылған. Философия тарихында адам мәселесі, оның тәрбиесі, ізілігі, білім алуы, білімнің тәрбиемен байланысы тақырыбында жазылған еңбектердің саны шексіз. Ізденуші сол өте көп әдебиеттердің ішінен ең маңызды деген шығармаларды, кітаптарды іріктеп алып, оларға сыни талдау жасай білген. Ол әдебиеттерге сілтемелер дұрыс жасалған. Алынған мәліметтер нақты, қолданылған әдебиеттер сенімді, мысалы сілтеме жасалған мақалалардың ішінде отандық және сенімді базаларға кіретін жарияланымдарда жарық көрген мақалалар бар.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі тақырыпқа толығымен сай, шолуға жеткілікті. Тәрбие идеалы, ізіліктік-этикалық тәрбие, адамгершілік, руханилық, жеке тұлғаның бірегейлігі, білім беру философиясы сияқты маңызды ұғымдар мен категориялар, ілімдерге қатысты әдебиеттер жақсы таңдалған. Жинақталған әдебиеттер диссертация тақырыбын ашуға жеткілікті. Диссертацияның мақсаты мен

			міндеттеріне толық жауап беретін тарихи-философиялық еңбектер кеі қамтылған, автор отандық және шетелдік журналдарда жарық көрген өзінің мақалаларына сілтеме жасаған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: <u>1) ия;</u> 2) жоқ	1) ия. Диссертацияның теориялық маңызы жоғары. Диссертация авторы адамзат тарихында жинақталған, оның ішінде қазақ халқының бай ұлттық мұрасындағы адам тәрбиесіне арналған еңбектерге, көзқарастарға, тәжірибеге теориялық деңгейде жақсы талдау жасаған. Тәрбиенің заманауи міндеттері көрсетілген, олар шығармашылықпен ойлауды, сыни ойлауды, коммуникативтік дағдыларды және мәдениетаралық құзыреттілікті дамытуға бағытталуы керектігі туралы нәтижелер арқылы негізделеді. Диссертацияда қазіргі қоғамдағы тәрбиенің ерекшеліктерін көрсетілген. Ол тәуелсіздікті, бейімделгіштікті, белгісіздік жағдайында шешім қабылдай білуді және ұжымда жұмыс істей білуді де қамтиды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <u>1) ия;</u> 2) жоқ	1) Ия. Диссертацияда қазақ дүниетанымындағы ізгіліктік-этикалық тәрбие идеалының қалыптасуы мен дамуына байланысты талданып, алынған нәтижелердің, қорытындылардың практикалық маңызы жоғары. Олар қазіргі адамды, жас ұрпақты тәбиелеумен қатар қазақстандық қоғамның әлеуметтік салаларын үйлесімді дамытуда да маңызға ие. Өйткені қоғамның қай саласы болмасын адамның дүниетанымы мен көзқарастарымен, тіршілік салтымен, іс-әрекетімен тығыз байланыста дамитындығы белгілі. Мысалы салауатты тіршілік ету адамның өз әрекеттеріне, денсаулығына, адамдарға, қоршаған ортаға қарым-қатынасына жауапкершілікпен қарауымен тікелей байланысты. Оны қалыптастыру үшін дүріс тәрбие мен білім беру керек. Сондықтан бұл мәселенің практикалық маңызы да жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	1) Толығымен жаңа. Диссертация мәтінде өрнектелген практикалық ұсыныстарды «толығымен жаңа» деуге болады. Ізденуші теориялық негіздегі ойларға талдау жасай келе, жалпы мемлекеттік органдардың практикалық жұмысы мен жастарды тәрбиелеу бойынша практикалық іс-қимылдарымен жақын болуы керек екенін астастыра көрсеткен.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертация мәтінінің академиялық жазу сапасы «жоғары деңгейде». Диссертация ғылыми, философиялық тілмен жазылған. Мәтін анық, түсінікті. Диссертацияда теориялық және әдіснамалық тұрғыда ғылыми ортада кең тараған тарихи-философиялық, әлеуметтік философиялық талдаулар тәсілдерін, принциптері жақсы қолданылған.

Ресми рецензент пікірінің қорытынды шешімі:

1) «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Шүршітбай Майраның «Қазақ дүниетанымындағы ізгіліктік-этикалық тәрбие идеалының қалыптасуы мен дамуы (философиялық талдау)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент:

Қ. И. Сәтбаев атындағы
ҚазҰТЗУ, «Қоғамдық пәндер»
кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., профессор



Анасова Қ. Т.

